# ТАҚЫРЫБЫ: МАМАНДЫҒЫМ- МАҚТАНЫШЫМ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ
2-КУРС

# № 19 ДӘРІС

## Мамандығым-мақтанышым

**Жоспар**

**1.Мамандыққа сипаттама**

**2.Тақырып бойынша тапсырма орындау**


Алтын ереже
Көтеріңкі көніл –күй.
Достық
қарым-қатынас
Ұжымда бірлесіп
жұмыс жасау.
Шығармашылық
шабыт.
Бір-біріміздің
пікірімізді тыңдау.
Берілген
уақытқа бағыну.

## 1. МАМАНДЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- Білім алу, үйрену.
- Адамды материалдық жағынан қамтамасыз ететін іс-әрекет түрі.
- Адамның сол мамандыққа қабілетінің сай келуі, білгілі бір іскерліктердің болуы.

**Мамандық дегеніміз- адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.**

- **Мамандық тандау:**
- **1. Қызығушылық қалай пайда болады?**
- **Қызығушылық - сол мамандықты ұнату**
- **- ата-ана мамандығына еліктеу**
- **- өмірге көзқарасының болуы**
- **2. Бейімділік дегенді қалай түсінесіңдер?**
- **Бейімділік – ата –ана жолын қууы**
- **- орындау икемділігі**
- **- мамандықты игеруге құштарлық**
- **3. Қабілет деген не?**
- **Қабілет – туа біткен талант**
- **- өзіндік ізденіс**
- **- үйренуге талпыну**

# Е.А.Климов мамандықтарды негізгі мынадай салаларға бөліп жіктеген.

- «Адам –техника»- техника саласына байланысты мамандықтар;
- «Адам-адам»- қызмет көрсету саласына байланысты мамандықтар;
- «Адам-қоршаған орта» өсімдіктану, жануартану, орман шаруашылығы, айналаны қоршаған орта салаларына байланысты мамандықтар;
- «Адам-белгілер жүйесі» есеп-қисап салаларына байланысты мамандықтар;
- «Адам-көркем образ» өнер саласындағы мамандықтар;

# *Мамандық таңдау  факторлары*

Мұғалім

Қабілеті

Отбасы

Беделі

Мамандық таңдау факторлары

Досыме н бірге

Оқудың Жақын орналас уы

Оқиған ың әсер етуі

Тәжіриб енің болуы

# Қазіргі заманғы жоғарғы білімі бар маманға қандай талаптар қойылады?

- · Компьютерді білу
- · Бірнеше тілді , ағылшын тілін білу:
- · Адамдармен қарым –қатынас жасай білу;
- · Өз тауарын, қызметін өткізе білу;
- · Тез шешім қабылдап, бастамашылық жасау;
- · Үнемі  білім алуға,  қайта оқуға бейімділік.

Алуан-алуан кәсіп бар
Таңдай біл де талап қыл.

# Ауыл шаруашылық саласындағы қызмет түрлері

**Гүлбап-көркемдеуші**-ашық аспан астында гүл өсіретін шаруашылықтарда, сән үшін пайдаланатын өсімдіктер мен бұталар егілетін жылыжайларда, питомиктерде, сондай—ақ тікелей бақ, бау гүлзар сияқты көгалдандырудың әр түрлі объектілерінде, тұрғын үй орамдары мен өндірістік кәсіпорындар аумағында шым отырғызуда жұмыс істейді.

Гүлбап-көркемдеуші жұмысты аумақты көгалдандырудан бастайды, оны тегістеп, тазалайды, жобаға сәйкес бөледі, топрақтан, қиыршық тастан, тас тақталардан жол салады.. Топрақты тұқым себуге, ағаш,бұта, гүл отырғызуға дайындайды, органикалық және минералдық тыңайтқыштар, әк шашады.

**Білімі мен білігі.**

Бұл кәсіпті ойдағыдай меңгеру үшін орта мектеп бағдарламасы көлеміндегі ботаника, биология және география пәндерінен білім негізі қажет.

Сондай-ақ жоғары білікті гүлбап-көркемдеуші сынды шеберлікке ауылдық кәсіптік-техникалық мектептер мен ауыл шаруашылық колледжінде шыңдалуға болады.

# ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Металл ұюшы

Мұнай және газ өндіру  жөніндегі оператор

Бульдозерші, грейдерші, краншы, экскаваторшы

Радиоэлектронды аппаратура мен аспаптарды құрастырушы

Фрезерлік-көшіруші станоктардың станокшысы

Тас қалаушы-гранитші

Қыш қалаушы-өрнектеуші-қаптаушы

Паркет төсеуші

Бөрене тілуші

Электрмен дәнекерлеуші

Ағаш ұстасы

Слесарь-сантехник

Токарь

Арматурашы

Бетоншы

Тас қалаушы

Газбен дәнекерлеуші

# Жеңіл өнеркәсіп саласындағы қызмет түрлері

**Тоқымашы**

**Жіп иіруші, тоқушы**

**Тігінші**

**Аяқ киім тігетін шебер**

**Шыны балқытушы**

**Көзеші**

**(Қыш бұйымдар жасаушы)**



ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

## ЖАС МАМАННЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ – КӘСІПТІҢ ІЛГЕРІЛЕУІНЕ ТОСҚАУЫЛ

**Қай саланы алсақ та, оның дамуы білікті мамандарға байланысты. Соңғы уақытта мамандардың жетіспеушілігінен қарқынды дамымай жатқан салалар саны көбеюде. Осындай олқылықтардың себебін білу үшін Алматы қыш зауытының тыныс тіршілігімен танысқан едік.**

Жаз бейнесінде жасалынған құмыра

Бұл зауыт 1935 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Басында мемлекеттік болғанымен, кейін келе жеке меншік қолға өткен. Зауыттың тарихын жалғастырушы Ксения Владимировна Фишер - аталған мекеменің басшысы. Бізбен сұқбаттасқан бас есепші Марина Юрьевна айтуынша: «алғашында зауытты сатып алған кезде оны жауып, басқа салаға қатысты өнеркәсіп ашпақшы едік. Бірақ ойланып, қыштан ыдыстар және түрлі заттарды шығару мемлекетке қажет екендігін түсініп, зауытты әрі қарай жұмысқа қостық. Бүгінде жағдай жаман емес. Тек қынжылтатын жақтары бар. Мәселен, жас мамандардың жетіспеушілігі, халықтың отандық тауардан гөрі, шетелден келген заттарға қызығушылық танытуы дегендей... Біз тіпті бұрыннан жұмыс жасайтын мамандарымызды құрметті демалысына жібере алмай отырмыз. Себебі, ол кісілердің орнына жұмыс жасайтын жас маман жоқ. Қыштан түрлі заттардың пішінін жасау, оны реттеу, бояу, суретін салу, үлкен пештерде қыздыру және тағы да басқа толып жатқан міндеттерді атқаратын жұмыскер табу қиын. Оның бір себебі, бізде аталған мамандықтарды дайындайтын оқу орыны жоқ. Ниет танытушылар оның барлығын зауытта, жұмыс барысында үйренеді»,- деп ойын білдірді. Зауытта көгалдандыруға қажет бақ мүсіндері, кашполар, бақ шамдары, гүлдің қыш ыдыстары жасалынады. Жеке тапсырыс бойынша да қайталанбас үлгідегі заттар жасаймыз –, дейді Марина Юрийқызы. Қыш бұйымдарды жасауға алғашында Алматының маңындағы Түрген шатқалының сары топырағын қолданса, бүгінгі күні Қосқұдықтың сары топырағын тұтынылуда. Зауытта шығарылатын қыш заттары сапасы жағынан да, зиянсыз қасиетінен де жоғарғы деңгейде. Яғни, базар сөрелерін басып алған шетел тауарынан әлде қайда биік дәрежеде деп нық сеніммен айтуға болады. Бір мақтанарлық жай зауыттан өндірілген заттардың ұлттық нақышта жасалынуы. Оюмен өрнектеліп, қазақ даласының қасиетті топырағымен көмкерірген гүл түбегі қазақша сөйлейтіндей әсер қалдырады. Олай болса отандық өндірушілерімізді қолдап, сапасы жоғары өзіміздің тауарымызды тұтынайық дегім келеді. Зауыттың жұмысымен таныстырған Наталья Викторқызы Шестанова осында технолог болып жиырма

Дайын пішінді өңдеу

Әр көлемдегі қыш ыдыстар

Муфель

Пешке қойылатын ыдыстар

# ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Сәулетші

Дизайнер

Дрижер

Актер

Биші

Зергер

Суретші, мүсінші

Қазақтың халық аспаптарын жасаушы

Көркем-безендіру жұмыстарын орындаушы

**1-тапсырма.** https://www.youtube.com/watch?v=xG6Y9E02iiA Сіздің ойыңызбен бейне материал сәйкес келе ме? Сіз мамандығыңызды қалай таңдаған едіңіз?

**2-тапсырма.** https://www.youtube.com/watch?v=TwBFK5Z4SmE сілтемеге өтіп, бейне материалды көріп шығыңыз. Сіз оқитын оқу орнында кәсіби мамандынғыңызды даярлауда қандай жағдайлар жасалған?


Алдарында үлкен жол жатыр.